

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 18 қарашадағы N 1220 қаулысы.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.08.24. N 871 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығына және "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 қыркүйектегі N 996 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мына қоса беріліп отырғандар бекітілсін:

1) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Сауда комитеті туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Шағын бизнесті қолдау жөніндегі комитеті туралы ереже;

3) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті туралы ереже;

4) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті туралы ереже;

5) *а л ы п т а с т а л д ы*

6) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті туралы ереже;

7) Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі комитеттерінің құрылымдары;

8) *а л ы п т а с т а л д ы*

9) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі;

10) *а л ы п т а с т а л д ы*

11) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.03.13. N 244 қаулысымен , 2003 жылғы 20 мамырдағы N 467 қаулысымен , 2003.09.18. N 951 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Демпингке қарсы бақылау жөніндегі комитеті оның мүлкі Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің жаңадан құрылған Сауда комитетіне беріле отырып, таратылсын;

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті оның мүлкі Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің жаңадан құрылған Құрылыс істері жөніндегі комитетіне беріле отырып, таратылсын;

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеті оның мүлкі Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің жаңадан құрылған Қорғаныс өнеркәсібі комитетіне беріле отырып, таратылсын;

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті оның мүлкі Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің жаңадан құрылған Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетіне беріле отырып, таратылсын;

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті оның мүлкі Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің жаңадан құрылған Инвестициялар жөніндегі комитетіне беріле отырып, таратылсын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтыру мен өзгеріс енгізілсін:

1) "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті" деген бөлімде:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 48-1-жолмен толықтырылсын:

"48-1 Қазақ сейсмикалық төзімді құрылыс Алматы қаласы және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау-эксперименталдық институты

(Қ а з С Қ С Ғ З И) " ;

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы 659

қ а у л ы с ы н а :

Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің т і з б е с і н д е :

"Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті" деген бөлімде:

реттік нөмірі 264-жолдағы "Құрылысконсалтинг ЖАҚ" деген сөздер "Құрылысконсалтинг ААҚ" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

5. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі осы қаулыдан туындайтын шаралар қабылдасын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының

Үкіметінің

2002 жылғы 18 қарашадағы

N 1220 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Сауда комитеті

т у р а л ы

ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Сауда комитеті (бұдан әрі - Комитет), Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің құзыреті шегінде заңнамаға сәйкес сауда қызметін реттеу және демпингке қарсы, қорғау және өтемақы шараларын қолдану саласында арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің кесімдеріне, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарында

және банктерде шоттары болады.

Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Комитеттің, егер оған заңнамаға сәйкес өкілеттік берілсе, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

4. Комитеттің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

5. Комитеттің заңды мекен-жайы:
473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 37.

6. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Сауда комитеті" мемлекеттік мекемесі.

7. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

8. Комитетті ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Комитетке өзінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер заңнамалық кесімдермен Комитетке кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен түскен кірістер республикалық бюджетке жіберіледі.

2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

9. Комитеттің негізгі міндеттері:

- 1) сауда саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыруға қатысу;
- 2) сауда қызметін дамыту саласындағы басымдықтарды әзірлеу;
- 3) сауда қызметін салааралық үйлестіруді жүйеге асыру;
- 4) тауарлар импорты кезінде ішкі рынокты қорғау жөнінде кешенді шаралар жүргізу;

- 5) сауда қызметінің мониторингін жүзеге асыру;
- 6) сауда қызметі саласында әдістемелік материалдар әзірлеу;
- 7) сауда теңгерімі мен экспорт пен импорт құрылымын жақсарту жөнінде ұсыныстар дайындауға қатысу;

- 8) сауда қызметін демпингке қарсы реттеуге жалпы басшылық ету;
- 9) шетел мемлекеті (шетел мемлекеттері одағы) субсидиялаған тауарлардың импорты кезінде бақылау мен анықтауды жүргізу және өтемақы шараларын енгізу;

- 10) айтарлықтай залал келтіру фактілері бойынша жеткізушілердің сауда практикасына мемлекеттік реттеуді және бақылауды жүзеге асыру;

- 11) тарифтік және тарифтік емес реттеу әдістерімен сыртқы сауда қызметін реттеуге қатысу болып табылады.

10. Комитет заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады :

1) сауда саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу ;

2) тауарлардың сауда қызметін дамыту және өндірісі мен оларды сату үшін қолайлы жағдайлар жасау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

3) тауарлардың импорты мен экспортын реттеу жөнінде шаралар әзірлеу;

4) сыртқы рыноктарда қазақстандық тауарларға қол жеткізуді шектейтін сыртқы сауда дауларын реттеу жөнінде шаралар әзірлеу;

5) мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен қазақстандық өндірушілерге және экспорттаушыларға шетел мемлекеттері рыноктарында олардың экономикалық мүдделерін қорғау мәселелері жөнінде әдістемелік және ұйымдастырушылық көмек көрсету;

6) Қазақстан Республикасының бір немесе бірнеше мемлекетке қатысты халықаралық экономикалық санкцияларға қатысу мүмкіндігі туралы белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізу;

7) сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына өзгерістер енгізу және сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік реттеу міндеттеріне сәйкес оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге қатысу және беру;

8) өз құзыретінің шегінде ішкі сауда саласында және тұтыну рыногында экономикалық бағдарламаларды іске асыруға қатысу, кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру, баға құрылымы жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау;

9) теңгерімді ішкі рынокты құруға бағытталған қорғаушы-көтермелеу шараларының жүйесін әзірлеу;

10) Қазақстан Республикасының кеден-тарифтік саясатын жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындауға қатысу;

11) экспорттың өсуіне және әртараптануына жәрдемдесу;

12) материалдық залал әкелетін немесе материалдық залал қаупін туғызатын тауарлар импорты кезінде ішкі рыноктағы отандық тауар өндірушілерді қорғау;

13) Қазақстан Республикасының экономикасы үшін келеңсіз салдарды жою үшін демпингке қарсы, қорғау және өтемақы баждарының мөлшері бойынша ұсыныстар әзірлеу;

14) халықаралық тәжірибені ескере отырып, сыртқы саудада экономикалық мүдделерді қорғау үшін анықтаулар жүргізу жөніндегі әдістемелік амалдарды жетілдіру мен дамыту;

15) тарифтік және тарифтік емес әдістермен сыртқы экономикалық қызметті реттеу шаралары жөнінде ұсыныстар енгізу;

16) халықаралық экономикалық интеграция стратегиясын әзірлеуге қатысу;

17) сыртқы сауданы, Қазақстан Республикасының экспорттық-импорттық

операцияларын жүргізу тәртібін, шетелдермен өзара қарым-қатынастарды жетілдіру жөнінде ұсынымдарды дамыту мен дайындауды талдау, халықаралық экономикалық ұйымдардың жұмысына қатысу;

18) сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссия жұмысына қатысу;

19) әлемдік рынокта сұранысқа ие болған бәсекелесуге қабілетті тауарлардың өндірісін ұлғайту жөнінде іс-шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу, сондай-ақ тауарларды сыртқы рыноктарға жылжыту жөнінде шараларды белсенді жүргізу бойынша ұсыныстар енгізу;

20) сауда қатынастарын жетілдіру мақсатында қоғамдық бірлестіктердің, жеке кәсіпкерлер мен азаматтардың ұсыныстарына талдау жүргізу және оларды қарау;

21) мемлекетаралық және республикалық сауда көрмелерін, жәрменкелерді, аукциондарды, жарнамаларды және басқа да сауданы дамытуға байланысты іс-шараларды өткізуге дайындау және қатысу, республикалық және халықаралық деңгейде семинарлар, бизнес-форумдар және іскерлік орталардың кездесуін ұйымдастыру;

22) тауарлар импорты кезінде туындайтын теріс пиғылды бәсекелестікті анықтау мақсатында тауар рыноктарының мониторинг жүзеге асыру;

23) халықаралық тәжірибені ескере отырып, отандық рынокты қорғау үшін анықтауларды өткізу жөніндегі әдістемелік тәсілдерді жетілдіру мен дамыту;

24) сауда және өндірістік қызмет мониторингін жүзеге асыру, айтарлықтай шығын немесе оның туындау қаупінің болуын және демпингке қарсы, қорғау және өтемдік шаралар қажеттілігін анықтау жөнінде анықтаулар жүргізу;

25) тауарлар импортының көлемі өскен не демпингтік тауарлар не шетел мемлекеті (шетел мемлекеттері одағы) субсидиялайтын тауарлар импортынан туындаған теріс пиғылды бәсекелестік кезінде отандық тауар өндірушілердің мүдделерін қорғау мақсатында өтініштерді қарау және анықтаулар жүргізу;

26) тауар импорты көлемінің өсуінен болған айтарлықтай шығынды анықтау не тауарлардың демпингінен не шетел мемлекеті (шетел мемлекеттері одағы) субсидиялаған импорттан материалдық шығынның болуын анықтау;

27) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне кейіннен енгізу үшін материалдар дайындау;

28) ұлттық экономикаға демпингке қарсы, қорғау және өтемақы шараларын енгізу ықпалын бағалау;

29) өз құзыретінің шегінде импорттық тауарлар жеткізушілерінің бағасы бойынша міндеттемелердің орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

30) талқылаулар жүргізілетін тауарлар импортының мониторингі, сондай-ақ талқылаулар бойынша деректер банкін құру және жүргізу;

31) ішкі және сыртқы тауар рыноктарында конъюнктураны зерделеу және экспорт пен импорт құрылымдарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

32) өз құзыретінің мәселелері жөнінде нормативтік құқықтық кесімдер ж о б а л а р ы н к е л і с у ;

33) сауда қызметі саласында заңнаманың қолданылу практикасына талдау жүргізу және оны қорыту, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлеуге қатысу;

34) оған заңнамада жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

11. Комитет негізгі міндеттерін іске асыру және өз функцияларын жүзеге асыру мақсатында заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) сауда саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары бойынша ұ с ы н ы с е н г і з у г е ;

2) өз құзыретінің шегінде нормативтік құқықтық кесімдер және әдістемелік құ ж а т т а р ш ы ғ а р у ғ а ;

3) тауар импорты кезінде ішкі рыноктағы адал бәсекелестікті бұзу фактілері анықталған кезде белгілі бір заңнамалық шараларды қолдану жөнінде ұсыныс е н г і з у г е ;

4) өз құзыреті шегінде орталық және жергілікті атқарушы органдардан қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

5) демпингке қарсы, қорғау және өтемақы шараларын қолдану мәселелері ж ө н і н д е а н ы қ т а у жү р г і з у г е ;

6) жеткізушілерден қабылданған міндеттемелерді орындау туралы мәліметтерді сұратуға және өз құзыреті шегінде олардың дұрыстығын тексеруге;

7) экспорттаушы елде ақпараттың дұрыстығына тексеру жүргізуге;

8) өз құзыреті шегінде бәсекеге қабілеттілікті бағалауға және ішкі және сыртқы рыноктарда отандық тауар өндірушілердің өнімін жылжытуға мемлекеттік қолдау көрсетуге;

9) өз құзыретінің мәселелері бойынша халықаралық сауда ұйымдарымен, шетел заңды тұлғаларымен келіссөздер жүргізуге және келісім жасасуға;

10) заңнамаға сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

3. Комитеттің мүлкі

12. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

13. Комитеттің мүлкі оған мемлекет берген мүліктен, сондай-ақ құны Комитеттің теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

14. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Егер заңнамалық кесіммен өзгеше белгіленбесе, Комитеттің өзіне бекітілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті иеліктен айыруға немесе өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

4. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

16. Комитетті Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің ұсынысы бойынша қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын төраға басқарады.

Комитет төрағасының заңнамада белгіленген тәртіппен қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

17. Төраға Комитет жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық етеді және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауап береді.

18. Төраға осы мақсатта:

1) өз орынбасарының және Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) заңнамаға сәйкес Комитет қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен көтермелеу мәселелерін шешеді, Комитет қызметкерлеріне тәртіптік жазалар қолданады;

4) бұйрықтарға қол қояды;

5) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

6) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Комитетті білдіреді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Комитет қабылдайтын шешімдер Комитет төрағасының бұйрығымен ресімделеді.

5. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

20. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 18 қарашадағы

№ 1220 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Шағын бизнесті қолдау жөніндегі комитеті туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Шағын бизнесті қолдау жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің құзыреті шегінде заңнамаға

сәйкес шағын бизнес (кәсіпкерлік) саласындағы арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасында шағын бизнесті (кәсіпкерлікті) мемлекеттік қолдау саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдеріне, Қазақстан Республикасының бекітілген халықаралық шарттарына, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртаңбасы, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарында және банктерде шоттары болады.

Комитет өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

Комитеттің, егер оған заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілсе, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

4. Комитеттің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

5. Комитеттің заңды мекен-жайы:
473000, Астана қаласы, Әуезов көшесі, 36.

6. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Шағын бизнесті қолдау жөніндегі комитет" мемлекеттік мекемесі.

7. Осы Ереже Комитеттің құрылтайшы құжаты болып табылады.

8. Комитетті ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Комитетке өз функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәніне кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық кесімдермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе онда мұндай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджетке жіберіледі.

2. Комитеттің міндеттері, функциялары және құқықтары

9. Комитеттің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) шағын бизнесті (кәсіпкерлікті) мемлекеттік қолдау;
- 2) шағын бизнесті (кәсіпкерлікті) қолдауға бағытталған орталық және жергілікті атқарушы органдардың іс-қимылдарын үйлестіру;
- 3) шағын бизнес субъектілерінің (кәсіпкерліктің) құқықтарын қорғауға бағытталған заңнаманы сақтауға бақылауды жүзеге асыру;
- 4) шағын бизнесті (кәсіпкерлікті) қолдау әдістері мен сызбаларын әзірлеуге

қ а т ы с у

ж ә н е

е н г і з у ;

5) өзіне заңнамамен жүктелген өзге де міндеттер.

10. Комитет заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге а с ы р а д ы :

1) шағын бизнесті (кәсіпкерлікті), шетелдік әріптестермен сауда, ғылыми-техникалық, өндірістік және өзге де байланысты дамытуды қоса алғанда , оның субъектілерінің сыртқы экономикалық қызметін мемлекеттік қолдауды, шағын бизнесті (кәсіпкерлікті) дамытуға жәрдемдесуді жүзеге асырады;

2) шағын бизнесті (кәсіпкерлікті) қолдаудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламаларының орындалуын ұйымдастырады және үйлестіреді;

3) шағын бизнесті (кәсіпкерлікті) қолдау мен дамытудың аймақтық бағдарламаларының әзірленуін және іске асырылуын бақылауды үйлестіреді;

4) шағын бизнесті (кәсіпкерлікті) қолдау мен дамытуды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлейді;

5) шағын бизнесті (кәсіпкерлікті) мемлекеттік қолдауды жетілдіру жөнінде ұ с ы н ы с д а й ы н д а й д ы ;

6) шағын бизнес (кәсіпкерлік) субъектілеріне қатысты оларды қолдауды қамтамасыз ету мақсатында қаржылық және кредиттік саясатты өзгерту салық салу жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және енгізеді;

7) шағын бизнес (кәсіпкерлік) мәселелері жөніндегі халықаралық жобалар мен бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

8) республика аймақтарында шағын бизнестің (кәсіпкерліктің) инфрақұрылымын қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді;

9) шағын бизнес (кәсіпкерлік) саласында кадрларды даярлау қайта даярлау және біліктілігін көтеру жүйесін дамытуды қамтамасыз етеді;

10) кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға бағытталған заңнаманың сақталуына бақылауды жүзеге асыруға қатысады;

11) шағын бизнесті (кәсіпкерлікті) дамытуға қатысты мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларын тыңдай отырып, көрсетілген органдарды тексеруді жүзеге асырады;

12) Қазақстан Республикасының Президентіне және Үкіметіне шағын бизнесті (кәсіпкерлікті) қорғау және мемлекеттік қолдау мәселелері жөніндегі заңнаманы бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде қабылданған шаралар туралы ақпарат дайындайды;

13) шағын бизнесті (кәсіпкерлікті) қолдау мен дамытуға бағытталған мемлекеттік қаржылық қаражаттарды тиімді пайдалану үшін бақылауды жүзеге а с ы р у ғ а қ а т ы с а д ы ;

14) сатып алу шағын бизнес (кәсіпкерлік) субъектілерінен жүзеге асырылуға тиіс тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) номенклатурасы мен

олардың көлемі жөнінде ұсыныстар дайындайды;

15) мемлекеттік қаржы, статистикалық, материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстарды, сондай-ақ ғылыми-техникалық әзірлемелер мен технологияларды шағын бизнес (кәсіпкерлік) субъектілері пайдалануының жеңілдікті жағдайларын жасау туралы ұсыныс әзірлейді және оны енгізеді;

16) мемлекеттік меншіктегі ғимараттарды, құрылыстарды, өндірістік үй-жайларды және өзге де мүліктерді шағын бизнес (кәсіпкерлік) субъектілеріне жеңілдікпен беру жөнінде ұсыныс дайындайды;

17) шағын бизнес (кәсіпкерлік) субъектілерінің қызметіне байланысты проблемаларды шешуде орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын ұйымдастырады;

18) шағын бизнестің (кәсіпкерліктің) жай-күйі мен мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігіне талдау жүргізеді;

19) шағын бизнестің (кәсіпкерліктің) дамуына кедергі келтіретін себептерді айқындайды және оларды жою жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

20) шағын бизнес (кәсіпкерлік) мәселелері жөнінде өзіне экономикалық, құқықтық және өзге де ақпаратты қамтитын деректер қорын қалыптастырады;

21) шағын бизнес (кәсіпкерлік) субъектілерінің шағымдары мен өтініштері бойынша қажетті шаралар қарастырады және қабылдайды;

22) шағын бизнес (кәсіпкерлік) субъектілерінің қызметіне қатысты заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдердің орындалуына мониторинг және талдау жүргізеді;

23) кәсіпкерлерді әр түрлі дерек қорлары негізінде ақпаратпен қамтамасыз етеді;

24) заңнамамен өзіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

11. Комитет негізгі міндеттерді іске асыру және өз функцияларын жүзеге асыру үшін заңнамада белгіленген тәртіппен және өз құзыретінің шегінде:

1) шағын бизнесті (кәсіпкерлікті) мемлекеттік қолдау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізуге;

2) барлық ұйымдар, лауазымды тұлғалар мен азаматтар орындауы үшін міндетті шешімдер қабылдауға;

3) мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардан және жеке тұлғалардан шағын бизнес (кәсіпкерлік) мәселелері жөніндегі қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

4) басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдардан мамандарды тексерулер мен сараптамалар жүргізуге тартуға;

- 5) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсінік беруге;
- 6) белгіленген тәртіппен заңнамада көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

3. Комитеттің мүлкі

12. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі бар. Комитеттің мүлкі оған мемлекет берген мүлік есебінен, сондай-ақ оның құны Комитет теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүліктен қалыптасады.

13. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

14. Комитеттің, егер заңнамалық кесімдермен өзгеше белгіленбесе, өзіне бекітілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше иеліктен айыруға немесе оған өзге де тәсілмен билік құқығы жоқ.

4. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

15. Комитетті Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын төраға басқарады.

16. Төрағаның заңнамада белгіленген тәртіппен қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

17. Комитет Төрағасы Комитеттің қызметін ұйымдастырады және оған басшылық етеді, Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыру үшін дербес жауап береді.

18. Комитет Төрағасы осы мақсатта:

1) орынбасарының және Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) Комитеттің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен б о с а т а д ы ;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен Комитеттің қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза қолданады;

4) өз құзыретінің шегінде бұйрықтар шығарады;

5) өз құзыретінің шегінде қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдарда және ұйымдарда Комитетті білдіреді;

6) өз құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

19. Комитет қабылдайтын шешімдер Комитет Төрағасының бұйрықтарымен ресімделеді.

5. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

20. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 18 қарашадағы
N 1220 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің құзыреті шегінде заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасындағы инвестицияларды мемлекеттік қолдау саласында арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асырушы ведомство болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің кесімдеріне, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртанбалары, белгіленген үлгідегі бланктері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарында және банктерде шоттары болады.

Комитет өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

Комитеттің, егер оған заңнамаға сәйкес өкілеттік берілсе, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастар тарабы болуға құқығы бар.

4. Комитеттің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

5. Комитеттің заңды мекен-жайы: 473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 10.

6. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті" мемлекеттік мекемесі.

7. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

8. Комитетті ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Комитетке өзінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер заңнамалық кесімдермен Комитетке кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджетке жіберіледі.

2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

9. Комитеттің негізгі міндеттері:

- 1) Қазақстан Республикасының экономикасына инвестициялар тартуға жәрдемдесу ;
- 2) елде инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру, инвестициялар тартуға ықпал ететін құқықтық және өзге де жағдайлар жасау ;
- 3) инвесторлармен жұмыс жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру ;
- 4) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі қызметін қамтамасыз ету ;
- 5) мемлекеттік бағдарламаларды, басымды жобаларды іске асыру үшін, соның ішінде халықаралық экономикалық және қаржы ұйымдары және донор елдер беретін заемдар мен гранттар есебінен қаржы ресурстарын тартуға жәрдемдесу ;
- 6) инвесторлармен өзара іс-қимылдың тиімді жүйесін құру, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген кепілдіктерді сақтауды, сондай-ақ инвесторлардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге жәрдемдесу болып табылады.

10. Комитет заңнамамен белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады :

- 1) инвестициялар ағыны қозғалысына талдау жүргізеді әрі оларды тартудың және көтермелеудің әлемдік тәжірибесін зерделейді және қорытады;
- 2) Қазақстан Республикасының инвестициялық ахуалын жақсартуға бағытталған шараларды іске асыру жөнінде, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру, сондай-ақ халықаралық инвестициялық ынтымақтастықты дамыту жөнінде ұсыныстар дайындауды жүзеге асырады;
- 3) инвестициялық қызмет мәселелері жөнінде халықаралық келісімдер дайындауды және жасасуды қамтамасыз етеді;
- 4) Қазақстан Республикасының инвестициялық мүмкіндіктері туралы жарнама-ақпараттық кампания жүргізеді;
- 5) Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінен алынған ұсыныстар мен жобаларды қорытады, талдайды және Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарында заңнамада белгіленген тәртіппен одан әрі жылжытуды қамтамасыз етеді, сондай-ақ олардың іске асырылуын бақылауды жүзеге асырады;

- 6) мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп инвестициялар тарту және пайдалану жөнінде есеп және есептеме ұйымдастырады;
- 7) қазақстандық заңды және жеке тұлғаларға сотқа дейінгі тәртіппен шет елдерде шаруашылық дауларды реттеуде көмек көрсетеді;
- 8) шетелдік заңды және жеке тұлғаларға сотқа дейінгі тәртіппен Қазақстан Республикасында шаруашылық дауларды реттеуде көмек көрсетеді;
- 9) Қазақстан Республикасының жетістіктері мен инвестициялық мүмкіндіктерін танымал ету және насихаттау мақсатымен Қазақстанда және шет елдерде мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, саммиттер, форумдар, семинарлар, тұсау кесерлер, конференциялар және басқа да іс-шаралар ұйымдастырады және өткізеді;
- 10) өз қызметі мәселелері бойынша инвесторлармен, халықаралық және өзге де ұйымдармен ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- 11) басымды қызмет түрлерінде инвестициялық жобаларды іске асыру үшін инвестициялық артықшылықтар беруге инвесторлардың өтінімдерін қабылдайды ;
- 12) инвестициялық жобаларға қатысты келісім-шарттардың және өзге де құжаттардың сараптамасын ұйымдастырады және жүргізеді;
- 13) жасалған келісім-шарттардың өндірістік-техникалық, экономикалық, экологиялық, қаржылық, салықтық және өзге де ережелеріне талдау жасайды және олардың орындалуын ұйымдастырады;
- 14) инвестициялық жобаларды іске асыру үшін қажетті барлық келісу және рұқсат беру құжаттарын алуды қамтамасыз етеді;
- 15) Қазақстан Республикасындағы білікті қызметкерлер, тауарларды және қызметтер көрсетуді іздестіруде инвесторларға жәрдемдеседі;
- 16) жасалған келісім-шарттарды сақтауды жүзеге асырады;
- 17) келісім-шарттар ережелерінің сақталуын бақылауды қоса алғанда, инвестициялық жобалардың іске асырылуына мониторинг және бақылау жүргізеді ;
- 18) келісім-шарттар жасалған инвестициялық жобаларды, жобалар тізбесін іске асыруға қатысты барлық нормативтік құқықтық кесімдерді, жобаларға инвестициялар салу сомаларын және құрылатын жұмыс орындары санын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етеді;
- 19) Комитет құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының және шет елдердегі мекемелерінің қызметін үйлестіреді ;
- 20) Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

11. Комитет негізгі міндеттерді іске асыру және өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін заңнамамен белгіленген тәртіппен:

1) құзыреті және берілген өкілеттіктер шегінде Қазақстан Республикасының атынан сөйлеуге және инвестициялық ынтымақтастық, инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау саласында халықаралық келісімдер (шарттар) жасасу мәселелері жөнінде келіссөздер жүргізуге;

2) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар және өзге де ұйымдар орындау үшін міндетті соның ішінде келісім-шарттарды дайындауға және іске асыруға байланысты мәселелер бойынша бұйрықтар қабылдауға;

3) берілген өкілеттіктер шегінде инвесторлармен тікелей келіссөздер жүргізу кезінде Қазақстан Республикасын білдіруге, келісім-шарттар жасасу және бұзу ережелері мен тәртібін айқындауға, өз құзыреті шеңберінде инвестициялар туралы заңнамаға сәйкес келісім-шарт жасасуға және оларды тіркеуге, олардың ережелерінің сақталуын бақылауды жүзеге асыруға; <*>

3-1) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің құзыреті шегінде мынадай :

1) инвестициялық салық преференциялар;

2) кедендік баж салудан босату;

3) мемлекеттік заттай гранттар түрінде инвестициялық преференциялар ұсыну туралы шешім қабылдауға; <*>

4) Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қызметті реттеуге байланысты заң және өзге де нормативтік құқықтық кесімдер жобаларын әзірлеуге және әзірлеуге қатысуға;

5) мемлекеттік органдар, өзге ұйымдар қызметкерлерін, соның ішінде шетелдік азаматтарды келісім-шарттарға сараптама жүргізу және дайындау үшін т а р т у ғ а ;

6) инвесторлардан, мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдардан және олардың лауазымды адамдарынан инвестиция мәселелері бойынша қажетті ақпарат с ұ р а т у ғ а ж ә н е а л у ғ а ;

7) инвестициялық қызмет, картографиялық жұмыстар, жарнамалық бейне фильмдер, слайдтар және басқа да ақпараттық-тұсау кесер материалдары мәселелері бойынша мемлекеттік, орыс, ағылшын және басқа да тілдердегі жарнамалық-ақпараттық және анықтамалық әдебиеттердің, газеттердің, бюллетеньдердің және журналдардың тапсырысшысы болуға;

8) инвесторларға Қазақстан Республикасында инвестициялық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті жарнамалық-ақпараттық, анықтамалық және өзге де м а т е р и а л д а р б е р у ғ е ;

9) Комитет қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды, оларды даярлау мен қайта даярлауды ұйымдастыруға;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқығы бар.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.04.08. N 334 қаулысымен.

3. Комитеттің мүлкі

12. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Комитеттің мүлкі оған мемлекет берген мүліктен, сондай-ақ құны Комитеттің теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

13. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

14. Егер заңнамалық кесіммен өзгеше белгіленбесе, Комитет өзіне бекітілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өздігінен шеттетуге немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

4. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

15. Комитетті Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің ұсынысы бойынша қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын төраға басқарады.

Комитет төрағасының заңнамада белгіленген тәртіппен қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

Төраға Комитет жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық етеді және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауап береді.

16. Төраға осы мақсатта:

1) өз орынбасарының және Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен көтермелеу мәселелерін шешеді, Комитет қызметкерлеріне тәртіптік жазалар қолданады;

4) мемлекеттік органдарда және өзге ұйымдарда Комитетті білдіреді;

5) бұйрықтарға қол қояды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.

17. Комитет қабылдайтын шешімдер Комитет төрағасының бұйрықтарымен ресімделеді.

5. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

18. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң

2002 жылғы 18 қарашадағы
N 1220 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Құрылыс істері жөніндегі комитеті туралы
ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің құзыреті шегінде заңнамаға сәйкес арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық салада салааралық үйлестіруді және басшылықты жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

Комитеттің облыстар мен Астана және Алматы қалаларында құрылымдық аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі - аумақтық бөлімшелер) болады. <*>

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.09.18. N 951 қаулысымен, 2003.12.23. N 1302 қаулысымен.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің кесімдеріне, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланктері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарында және банктерде шоттары бар.

Комитет азаматтық-құқықтық қатынасқа өз атынан түседі.

Комитеттің, егер заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілсе, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

4. Комитеттің штат санының лимитін және құрылымын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

5. Комитеттің заңды мекен-жайы:

473000, Астана қаласы, Районный тұйық көшесі, 15/1.

6. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті" мемлекеттік мекемесі.

7. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

8. Комитетті ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Комитетке өз функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәнінде кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық кесімдермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілген болса, онда мұндай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджетке жіберіледі.

2. Комитеттің негізгі міндеттері

9. Комитеттің негізгі міндеттері:

1) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі аясындағы , сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық саладағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру; <*>

2) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін жүзеге асырған кезде азаматтар мен қоғамның қолайлы әрі экологиялық қауіпсіз өмір сүру және тіршілік ету ортасына деген мүдделерін қамтамасыз ету, жобалау мен құрылыс өнімдерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау, құрылыстың сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3) халықтың толық мәнді өмір сүру және тіршілік ету ортасын қалыптастыру, елді мекендердің табиғи ресурстары мен аумақтарын және қонысаралық аумақтарды қала құрылысына игерген, дамытқан және салған кезде оларды ұ т ы м д ы п а й д а л а н у ;

4) сәулет, қала құрылысы және құрылыс құралдарымен тарихи және мәдени мұра ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету;

5) әлеуметтік, өндірістік, инженерлік, көліктік және рекреациялық инфрақұрылымдарды дамыту;

6) салаға инвестицияларды тарту және оларды тиімді пайдалану үшін ынталандыратын жағдайлар жасау;

7) жобалау және құрылыс өнімдерінің ішкі рыногын қорғау, отандық жобалау мен құрылыс өнімдері сапасын және бәсекелесуге қабілетін арттыруға ынталандыратын жағдайларды қалыптастыру;

8) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы ықпалдасу процестерін тереңдету болып табылады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.23. N 1302 қаулысымен .

3. Комитеттің функциялары

10. Комитет жүктелген міндеттерге сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық саладағы мемлекеттік саясатты жүргізу; <*>

2) Қазақстан Республикасының аумағында сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық саланы мемлекеттік реттеу әдістерін әзірлеу; <*>

3) құнды сәулет-қала құрылысы мұрасының сақталуын, сәулет пен қала құрылысында ұлттық және мәдени дәстүрлердің дамуын ескере отырып, қонысаралық аумақтарды және елді мекендерді игеру мен тұрақты дамытудың басым бағыттары бойынша мемлекеттік бағдарламалар әзірлеу;

4) сәулет, қала құрылысы және құрылыс, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық сала мәселелері бойынша нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлеу

ж ә н е к е л і с у ; < * >

5) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді, нормативтік-техникалық құжаттарды заңнамада белгіленген тәртіппен әзірлеу, бекіту және қолданысқа енгізу;

5-1) тұрғын үй-коммуналдық салада нормативтік-техникалық құжаттарды заңнамада белгіленген тәртіппен әзірлеу, бекіту және қолданысқа енгізу; <*>

6) құрылыстағы мемлекетаралық (халықаралық) және мемлекеттік стандарттарды белгіленген тәртіппен әзірлеу, бекіту және қолданысқа енгізу;

7) мемлекеттік тұрғын үй саясатын, сондай-ақ тұрғын үй құрылысы және тұрғын үй қорын сақтау бағдарламасын іске асыруға қатысу;

8) экспортқа бағдарланған жобалау және құрылыс өнімдерін шығару, сондай-ақ құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өндірісі саласында жаңа техника мен жоғары технологияларды игеру жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу және шараларды жүзеге асыру;

9) сәулет, қала құрылысы, құрылыс саласындағы және тұрғын үй-коммуналдық саладағы мемлекеттік саясатты іске асыруда салааралық үйлестіру және басшылық жасау; <*>

10) құрылыс материалдары өндірісінің жаңа технологияларын дамыту бағдарламаларын іске асыру жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру және олардың орындалуын бақылау;

11) құрылысқа арналған инженерлік іздестірулер саласында бірыңғай техникалық саясат жүргізу, кешенді инженерлік іздестірулердің мемлекеттік қорын қалыптастыру мен жүргізуді ұйымдастыру және оған жәрдемдесу;

12) Комитеттің құзыретіне енетін мәселелер бойынша халықпен және заңды тұлғалармен ақпараттық-ағартушылық жұмыс жүргізуді ұйымдастыру;

13) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында қолданбалы сипаттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттарын анықтау және оның бағдарламаларын әзірлеуге басшылық жасау, салалық зерттеу, ғылыми-қолданбалы, эксперименттік және жобалау-іздестіру жұмыстарын орындауды, бекітуді және іске асыруды (енгізуді) ұйымдастыру;

14) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетіндерін қоспағанда, мемлекеттік, аймақаралық немесе мемлекетаралық (халықаралық) маңызы бар объектілер бойынша қала құрылысы, сәулет-құрылыс және өзге де жобалау (

жобалау-сметалық) құжаттамаларын қарау әрі бекіту;

15) республикалық маңызы бар сәулет пен қала құрылысының облыстық және қалалық бөлімшелерінің, облыстық және базалық деңгейдегі мемлекеттік қала құрылысы кадастры қызметтерінің жұмысына ұйымдық және әдіснамалық б а с ш ы л ы қ ж а с а у ;

16) республикалық деңгейдегі мемлекеттік қала құрылысы кадастрын ұйымдастыру және жүргізу, мемлекеттік қала құрылысы кадастрының қызметтерін мемлекеттік нормативтермен қамтамасыз ету және олардың ж ұ м ы с ы н ү й л е с т і р у ;

17) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының жағдайын талдау әрі б о л ж а м д а р ә з і р л е у ;

18) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық саладағы ғылыми-техникалық және экономикалық байланыстар аясында шет елдермен әрі халықаралық ұйымдармен ынтымақтасу; <*>

19) төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жоқ жөнінде бүлінген құрылысты қалпына келтіру немесе бұзу бойынша кешенді і с - ш а р а л а р д ы ә з і р л е у г е қ а т ы с у ;

20) құрылыс пен құрылыс өнімдерінің сапасына, қала құрылысы регламенттерінің, мемлекеттік нормативтердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағында қолданылатын құрылыс саласындағы мемлекетаралық нормативтердің сақталуына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын (инспекциялауды) жүзеге асыру; <*>

21) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қызметті лицензиялау, берілген лицензиялардың есебін жүргізу, лицензиаттардың белгіленген біліктілік талаптарға сәйкестігіне және олардың лицензиялық ережені сақтауына б а қ ы л а у д ы жүзеге асыру;

22) Қазақстан Республикасы бекіткен лицензияларды өзара тану туралы халықаралық шарттар негізінде шет мемлекеттердің лицензияларын тану;

23) өтініш берушілердің (лицензия алуға талапкерлердің) және (немесе) лицензиаттардың біліктілік талаптарына сәйкестігін сараптамалық бағалауды жүргізу үшін жеке және заңды тұлғаларды тіркеу;

24) мемлекеттік емес сараптама орталықтарын тіркеу және сарапшыларды а т т е с т а ц и я л а у ;

25) жобалау құжаттамаларының сапасын қадағалауды жүзеге асыру әрі жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаларын мемлекеттік сараптамалық бағалауды ұйымдастыру, жобалардың мемлекеттік сараптамасының бірыңғай жүйесіне басшылық жасау;

26) объектілер (кешендер) салуда инвестициялардың негіздемелеріне (

техникалық-экономикалық негіздемелерге) техникалық сараптама жүргізуді ұйымдастыру әрі республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты мен мемлекеттік кепілдікпен тартылатын мемлекеттік емес қарыздардың қаражатынан инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін негіз болатын қ о р ы т ы н д ы л а р д а й ы н д а у ;

27) республикалық маңызы бар қалалардың, жүз мыңнан астам тұрғыны бар облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарлары жобаларына, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін өзге де қала құрылысы құжаттамаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу;

28) Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланылатын мемлекетаралық (халықаралық) нормативтік базаны дамыту;

29) жобалау-ізвестіру жұмыстары мен құрылыста баға белгілеуді, құрылыс-монтаж жұмыстарының, құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының өзіндік құнын талдау, объектілер мен кешендер құрылысының сметалық құнын есептеудің тәртібін анықтау;

30) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Комитетке жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.23. N 1302 қаулысымен .

4. Комитеттің құқықтары

11. Комитет негізгі міндеттерін іске асыру мен өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) өз құзыретінің шегінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында нормативтік құқықтық кесімдер қабылдауға;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдардың сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі аясындағы, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық саладағы нормативтік құқықтық кесімдерге және өзге де мемлекеттік нормативтерге қайшы келетін шешімдерінің қолданысын тоқтата тұру және күшін жою жөнінде ұ с ы н ы с т а р е н г і з у г е ; < * >

3) өз құзыретінің шегінде объектілерді жобалаудың және салудың (қайта жаңартудың) жекелеген техникалық мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға;

4) сәулет, қала құрылысы мен құрылыс саласындағы, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық саладағы сабақтас қызмет мәселелері бойынша басқа уәкілетті мемлекеттік органдар әзірлеген заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдер жобалары жөнінде ұсыныстар енгізуге; <*>

5) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында жобаларға сараптама жүргізудің, лицензиялаудың және мемлекеттік бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырудың тетіктері мен рәсімдерін жетілдіру, мемлекеттік қала құрылысы кадастрының республикалық және (немесе) аймақтық орталықтарын құру

жөнiнде ұсыныстар енгiзуге;

6) қажеттi жағдайларда ғылыми, зерттеу және жобалау-конструкторлық ұйымдардың, өндiрiстiң басқа салаларының мамандарын, сондай-ақ шетелдiк мамандарды сарапшылар ретiнде тартуға;

7) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметi саласында белгiленген заңнама нормаларын, мемлекеттiк нормативтiк талаптарды, шарттар мен шектеулердi бұзушыларға жол берiлген бұзушылықтар мен ауытқуларға байланысты заңнамада көзделген шараларды қолдану туралы шешiмдер қабылдауға;

8) құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын өндiрудiң техникалық шарттарын қарауға және олардың сәулет, қала құрылысы мен құрылыс саласындағы мемлекетаралық және мемлекеттiк нормативтер мен стандарттардың талаптарына сәйкестiгi туралы стандарттау, метрология және сертификаттау жөнiндегi уәкiлеттi мемлекеттiк органға қорытындылар беруге;

9) тарих пен мәдениет ескерткiштерiнiң, мемлекеттiк табиғи-қорық қоры объектiлерiнiң сақталуы мәселелерiне қатысты нормативтiк құқықтық кесiмдердi және мемлекеттiк нормативтердi әзiрлеуге қатысуға;

10) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметi, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық саласын үшiн кадрлар дайындау жөнiндегi бағдарламаларды әзiрлеу мен жүзеге асыруға қатысуға; <*>

11) жобалауға, құрылыс салуға және құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын жеткiзуге арналған мердiгерлiктi мемлекеттiк сатып алу жөнiндегi конкурстарды (тендерлердi) ұйымдастыру мен өткiзуге қатысуға;

12) инвестициялық бағдарламалар мен жобаларды, сондай-ақ сәулет, қала құрылысы, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық салаларында Қазақстан Республикасының әлеуметтiк-экономикалық дамуының жылдық жоспарларын жасауға қатысуға; <*>

13) республикадағы тұрғын үй проблемасын кезең-кезеңiмен шешуде тұрғын үй құрылысын қаржыландыру мен кредиттеудiң және тұрғын үй қорын сақтаудың схемалары мен тетiктерiн әзiрлеуге қатысуға, толық мәндi тұрғын үй рыногын қалыптастыру мен дамытуға жәрдемдесуге;

14) күрделi құрылыс пен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы, сондай-ақ мердiгерлiк жұмыстарды мемлекеттiк сатып алу мен құрылыс материалдарының экспорты-импорты аясындағы статистикалық материалдарды статистика жөнiндегi уәкiлеттi мемлекеттiк органнан белгiленген тәртiппен және белгiленген мерзiмде алып тұруға;

15) Үкiметтiң шешiмдерi бойынша республикалық мемлекеттiк кәсiпорындарды мемлекеттiк басқару органы болып әрекет етуге және Комитеттiң құзыретi аясындағы қызметтi жүзеге асыратын заңды тұлғалар

акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену және пайдалануды жүзеге асыруға ;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.23. N 1302 қаулысымен .

5. Комитеттің мүлкі

12. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Комитеттің мүлкі оған мемлекет берген мүлік есебінен, сондай-ақ құны Комитет теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүліктен қалыптасады.

13. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

14. Комитет, егер заңнамалық кесімдермен өзгеше белгіленбесе, өзіне бекітілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

6. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

15. Комитетті Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын төраға басқарады.

16. Төрағаның заңнамада белгіленген тәртіппен қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын екі орынбасары болады.

16-1. Төраға лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік құрылыс инспекторы болып табылады.

Төрағаның орынбасарлары лауазымы бойынша Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік құрылыс инспекторының орынбасарлары болып табылады.

Аумақтық бөлімшелердің басшылары тиісті облыстың (Астана, Алматы қалаларының) Бас мемлекеттік құрылыс инспекторлары болып табылады. <*>

Ескерту. 16-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.09.18. N 951 қаулысымен .

17. Төраға Комитеттің жұмысын ұйымдастырады әрі басшылық жасайды және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауап береді.

18. Төраға осы мақсатта:

1) өз орынбасарларының міндеттері мен өкілеттіктерін және олардың өзара алмастыруларын белгілейді;

2) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

3) заңнамаға сәйкес Комитет қызметкерлерін, аумақтық бөлімшелердің қызметкерлері мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларын

қызметке тағайындайды және қызметтен босатады; <*>

4) заңнамада белгіленген тәртіппен көтермелеу мәселелерін шешеді, Комитеттің қызметшілеріне, аумақтық бөлімшелердің қызметкерлері мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларына тәртіптік жаза қолданады; < * >

5) бұйрықтарға қол қояды;

6) Комитеттің құрылымдық және аумақтық бөлімшелері туралы ережелерді б е к і т е д і ; < * >

7) өз өкілеттігінің шегінде мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда К о м и т е т т і б і л д і р е д і ;

7-1) құрылымдық және аумақтық бөлімшелер мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметін үйлестіреді және бақылайды; <*>

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Ескерту. 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.09.18. N 951 қаулысымен .

19. Комитет қабылдайтын шешімдер Комитет төрағасының бұйрығымен ресімделеді.

19 - 1 . К о м и т е т т е м ы н а л а р :

1) сәулет, қала құрылысы, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық сала мәселелері жөніндегі ғылыми-техникалық кеңес;

2) сәулет-қала құрылысы кеңесі;

3) техникалық проблемаларды шешуге және сейсмикалық төзімді құрылысқа байланысты мәселелерді қарау үшін сарапшылық комиссия құрылады. <*>

Ескерту. 19-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.12.23. N 1302 қаулысымен .

7. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

20. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2002 жылғы 18 қарашадағы

N 1220 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Қорғаныс өнеркәсібі комитеті туралы
ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғаныс өнеркәсібі, қорғаныс және екіұдай мақсаттағы өнімді әзірлеу, өндіру және сату саласында арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

Комитет әскери-техникалық ынтымақтастық саласындағы уәкілетті орган болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдеріне, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарында және банктерде шоттары болады.

Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Комитеттің, егер заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілсе, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

4. Комитеттің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

5. Комитеттің заңды мекен-жайы:
480016, Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 2.

6. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі комитеті" мемлекеттік мекемесі.

7. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

8. Комитетті ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

Комитетке өз функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәніне кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық кесімдермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыруға құқық берілген болса, онда мұндай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

9. Комитеттің негізгі міндеттері:

1) қорғаныс және екіұдай мақсаттағы өнімдерді өндіру және жою саласында, сондай-ақ әскери-техникалық ынтымақтастық саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

2) мемлекеттік қорғаныс тапсырысын қалыптастыруға, сондай-ақ қорғаныс өнеркәсібін дамыту мен конверсиялаудың, әскери мақсаттағы өнімді экспорттық-импорттық жеткізулердің бағдарламаларын әзірлеуге қатысу, осы бағдарламаларды іске асыру;

3) қорғаныс өнеркәсібі кешені мәселелері бойынша мемлекетаралық әскери-техникалық ынтымақтастыққа қатысу;

4) өз құзыреті аясында мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың тапсырмаларын орындау және қорғаныс өнеркәсібінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

5) қорғаныс өнеркәсібі кешені ұйымдарын дамыту және реформалау бағдарламаларын әзірлеу, олардың жұмысын жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау;

6) қорғаныс ұйымдарын дамыту және конверсиялау бағдарламаларын іске асыру үшін ықтимал инвесторларды тартуға жәрдемдесу;

7) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша импорт алмастыру саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу болып табылады.

10. Комитет Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және өз құзыретінің шегінде мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) қорғаныс және екіұдай мақсаттағы өнімдерді әзірлеу, өндіру және жою саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

2) қорғаныс және екіұдай мақсаттағы өнімдерді әзірлеу мен өндірудің ағымдағы және ұзақ мерзімді бағдарламаларын әзірлеуге қатысады және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп оның іске асырылуын бақылайды;

3) қорғаныс өнеркәсібінің дамуын және конверсиялау бағдарламаларының іске асырылуын салааралық үйлестіруді және бақылауды жүзеге асырады;

4) мемлекеттік қорғаныс тапсырысын қалыптастыруға қатысады;

5) жұмылдырушылық қуаттар мен резервтерді құру, жинақтау және сақтау жөніндегі жоспарлар мен тапсырмаларды қалыптастыруға қатысады;

6) ішкі қажеттіліктер мен экспортты қамтамасыз ету үшін қару-жарақтар мен әскери техниканы өндіруді конверсиялау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеуге қатысады және орындауды ұйымдастырады;

7) қару-жарақты, әскери техниканы және екіұдай мақсаттағы өнімдерді экспорттық-импорттық жеткізу саласында мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады;

8) өз құзыреті шегінде әскери-техникалық ынтымақтастық жөніндегі, сондай-ақ жаппай қырып-жоятын қаруларды таратпау, қару-жарақтар мен әскери техника шығаруды қысқарту жөніндегі халықаралық шарттарды және келісімдерді іске асыруға жәрдемдеседі;

9) қорғаныс өнеркәсібі кешенінде ғылыми-техникалық және технологиялық даму және Комитетке ведомстволық бағынысты ұйымдарды кеңейту, қайта жаңарту және техникалық қайта жарактандыру бағдарламаларын әзірлеуді ұйымдастырады ;

10) қорғаныс тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (бұдан әрі - ҒЗТКЖ) жүргізуді ұйымдастырады және оларды екіұдай қолданудың мүмкіндіктерін айқындайды;

11) өнімдердің бәсекелестік қабілеті мен сапасын қамтамасыз етуге бағытталған бірыңғай техникалық саясатты іске асырады, қорғаныс өнеркәсібі кешенінде ғылыми-техникалық және өндірістік әлеуетті тиімді пайдалануды ұйымдастырады ;

12) қару-жарақтардың, әскери техниканың және оқ-дәрілердің жаңа технологияларын әзірлеуді және енгізуді үйлестіреді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен лицензиялауды жүзеге асырады;

14) Қазақстан Республикасының тұтыну ұйымдарының барлық кезеңде жарылғыш материалдарға қажеттілігін бағалауды жүзеге асырады;

15) қорғаныс өнеркәсібі кешенінің құрамына кіретін ұйымдарды жұмылдырушылық дайындау жөніндегі іс-шараларды орындауды ұйымдастыруға қатысады ;

16) құпия жаңалықтарды қорғауды, оның ішінде өзіне ведомстволық бағыныстағы ұйымдарда да қамтамасыз етеді;

17) қорғаныс өнеркәсібін дамыту мен конверсиялау бағдарламаларын орындауға бөлінген бюджет қаражатының жұмсалуды, сондай-ақ қорғаныс тақырыбы бойынша ҒЗТКЖ-ны жоспарлауға және бақылауға қатысады;

18) Қазақстанның және басқа да мемлекеттердің қорғаныс өнеркәсібі кешенін дамытудың үрдістері мен серпінін талдауды және оларға шолулар дайындауды жүзеге асырады ;

19) оған заңнамамен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

11. Комитеттің негізгі міндеттерін іске асыру және өзінің функцияларын жүзеге асыру мақсатында заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардан, лауазымды тұлғалардан және азаматтардан қажетті құжаттар мен материалдарды, оның ішінде ақпараттық-талдау сипатындағыларды сұратуға және алуға;

2) өз құзыреті шегінде қорғаныс және екіұдай мақсаттағы өнімдерді әзірлеу, өндіру әрі жою және әскери-техникалық ынтымақтастық саласындағы қызметті реттейтін нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлеуге;

3) басқа мемлекеттік органдардың қызметкерлерін, сарапшыларды, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан жарылыс ісі саласындағы мамандандырылған

ұйымдарды және мамандарды жұмысқа тартуға;

4) басқа мемлекеттік басқару органдарының құзыретіне кіретін, қорғаныс өнеркәсібі кешенінің мүдделерін қозғайтын Қазақстан Республикасының мемлекетаралық экономикалық және әскери-техникалық ынтымақтастығы мәселелерін қарауға және келісуге қатысуға;

5) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша республика ішінде де, халықаралық деңгейде де қорғаныс өнеркәсібі мәселелері жөнінде мемлекеттің мүдделерін білдіруге, шетел мемлекеттерімен ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиялардың жұмысына қатысуға, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына қол қоюға;

6) қорғаныс өнеркәсібі кешені ұйымдарының, оның ішінде шетелдік инвесторлардың қатысуымен, қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге;

7) қорғаныс өнеркәсібі кешенінің қызметін реттейтін заңнаманың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, осы мақсаттар үшін республиканың өзге де мемлекеттік органдарының мамандарын тартуға;

8) қорғаныс және екіұдай мақсаттағы өнімдерді әзірлеуге, өндіруге және сатуға қатысатын ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізуге;

9) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасында да, шет елдерде де мемлекеттік билік органдарымен, ұйымдармен, шетел мемлекеттерінің лауазымды және жеке тұлғаларымен өзара іс-қимыл жасауға;

10) оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының шет елдердегі дипломатиялық өкілдіктерімен және консулдық мекемелерімен белгіленген тәртіппен өзара іс-қимыл жасауға;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Комитеттің мүлкі

12. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Комитеттің мүлкі оған мемлекет берген мүлік есебінен, сондай-ақ құны Комитет теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүліктен қалыптастырылады.

13. Комитеттің мүлкі республикалық меншікке жатады.

14. Комитеттің, егер заңнамалық кесімдермен өзгеше белгіленбесе, өзіне бекітілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

4. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

15. Комитетті Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын төраға басқарады.

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стандарттау, метрология және сертификаттау саласында арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

Комитеттің облыстар мен Астана және Алматы қалаларында мемлекеттік мекемелері - аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі - аумақтық бөлімшелер) болады. <
* >

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.09.18. N 951 қаулысымен .

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдеріне, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі және мөртаңбасы, белгіленген үлгідегі бланктері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарында және банктерде шоттары болады.

Комитет өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

Комитеттің, егер оған заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілсе, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

4. Комитеттің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

5. Комитеттің заңды мекен-жайы:
473000, Астана қаласы, Дружба көшесі, 76.

6. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті" мемлекеттік мекемесі.

7. Осы Ереже Комитеттің құрылтайшы құжаты болып табылады.

8. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

Комитетке өз функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәнінде кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық кесімдермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

9. Комитеттің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) стандарттау, метрология, сертификаттау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

2) мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың стандарттау, метрология, сертификаттау саласындағы қызметін үйлестіру;

3) Қазақстан Республикасының стандарттаудың, сертификаттаудың,

өлшемдер бірлігі мен эталондық базасын қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйелерін жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру;

4) Қазақстан Республикасының негіз қалаушы мемлекеттік стандарттарын әзірлеуді қамтамасыз ету;

5) стандарттау, метрология, сертификаттау саласында білікті кадрлар даярлауға және қайта даярлауға қатысу;

6) техникалық-экономикалық ақпаратты жіктеу және кодтау өнімдерді тізімдемелеу жөніндегі мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметін үйлестіру;

7) стандарттау, метрология және сертификаттау саласында іргелі зерттеулердің жүргізілуін ұйымдастыру;

8) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуына, өнім сапасына, өлшем құралдарының жай-күйі мен қолданылуына мемлекеттік қадағалау жүргізуді ұйымдастыру, сондай-ақ сертификаттау жөніндегі тіркелген органдардың және сынақ зертханаларының, орталықтарының қызметін бақылау;

9) сертификаттау, сертификаттық сынақтар, өлшемдерді орындау әдістемелерін әзірлеу және аттестаттау, олардың үлгісін және бекітілген үлгісіне сәйкестігін бекіту мақсатында өлшем құралдарын салыстырып тексеру, калибрлеу және сынау жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығына мемлекеттік сертификаттау жүйелерінде тіркеу және ұйымдардың өлшем бірлігін қамтамасыз ету;

10) бастапқы тексеру құқығына үлгіні бекіту және техникалық құзыреті мақсаттары үшін өлшем құралдары сынақтарын жүргізуді ұйымдастыру және оған қатысу.

10. Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес және заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдер жобаларын әзірлеуге қатысады және әзірлейді;

2) стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады, стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметін үйлестіреді;

3) халықаралық тәжірибені ескере отырып, мемлекеттік стандарттау, өлшем бірлігін қамтамасыз ету, сертификаттау жүйелерін жетілдіреді және дамытады;

4) шамалар бірлігінің мемлекеттік эталондарын жасау, бекіту, сақтау және қолдану ережесін белгілейді, Қазақстан Республикасының эталондық базасын жетілдіреді;

5) республикада қолдануға рұқсат етілген шама бірліктерін белгілейді;

- 6) өлшем құралдарына, әдістері мен нәтижелеріне қойылатын жалпы метрологиялық талаптарды анықтайды;
- 7) стандарттау, метрология және сертификаттау саласында іргелі зерттеулер жүргізуді ұйымдастырады;
- 8) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеудің және бекітудің тәртібін анықтайды, Қазақстан Республикасының негіз қалаушы стандарттарын әзірлеуді және Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарын тиісті халықаралық және аймақтық стандарттармен үйлестіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;
- 9) өлшем құралдарын салыстырып тексеру және калибрлеу, өлшемдерді орындау әдістемесін және басқа да метрологиялық жұмыстарды аттестаттау құқығына заңды тұлғалардың метрологиялық қызметтерін тіркеуді жүргізеді;
- 10) сертификаттау және сертификаттық сынақтар бойынша жұмыстарды жүргізу құқығына ұйымдарды тіркеуді жүргізеді;
- 11) бастапқы салыстырып тексеру құқығына техникалық біліктілікті тануды жүргізеді;
- 12) сертификаттау және метрология жөніндегі сарапшы-аудиторлар ретінде мамандарды аттестаттау жүргізеді;
- 13) өлшемдердің, өлшем құралдарын салыстырып тексеру мен калибрлеудің, өнімдерді, өндірістік қызмет көрсетулерді және сапа жүйелерін сертификаттаудың, сертификаттау сынақтарының орындалу әдістемелерін аттестаттау құқығына заңды тұлғаларды тіркеу тәртібін белгілейді;
- 14) өз құзыретінің шегінде заңды және жеке тұлғалардың қызметін лицензиялайды;
- 15) стандарттау, метрология, сертификаттау, тіркеу, сапа жүйесі, мемлекеттік қадағалау мен инспекциялық бақылау саласындағы мамандарды кәсіптік даярлау мен қайта даярлау жөніндегі жұмыстарды үйлестіруге қатысады көрсетілген бағыттар бойынша жоғары және арнаулы орта оқу орындарының оқу бағдарламаларын келіседі;
- 16) саудадағы техникалық кедергілерді жою мақсатында стандарттау, метрология және сертификаттау саласында халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- 17) өз құзыретінің шегінде стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі халықаралық және аймақтық ұйымдарда Қазақстан Республикасын білдіреді;
- 18) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі нормативтік құжаттарды тіркеуді жүзеге асырады;
- 19) Қазақстан Республикасы стандарттарының, мемлекетаралық, аймақтық, халықаралық және басқа да елдердің ұлттық стандарттарының мемлекеттік

қорын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі жұмыстарды үйлестіреді;

20) Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарын, мемлекетаралық стандарттарды, сондай-ақ стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың ережелері мен ұсынымдарын шығаруды, қайта шығаруды және таратуды ұйымдастырады;

21) өнімге және шығарылатын өлшем құралдарына тіркелген нормативтік құжаттар туралы, сондай-ақ стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы нормативтік құжаттар талаптарының өзгерістері туралы мәліметтерді қамтитын ақпараттық сілтемелердің басылып шығарылуын ұйымдастырады;

22) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі халықаралық және аймақтық ұйымдардың мүше елдеріне, Қазақстанның пікірі бойынша, сауда қатынастарында техникалық кедергілер келтіруі мүмкін әзірленетін жобалар мен қолданылып жүрген халықаралық және аймақтық нормативтік құжаттарға түсініктемелер (пікірлер) жолдайды;

23) өнім сапасына, өлшем құралдарының жай-күйі мен қолданылуына, стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының, сертификаттау ережелерінің, метрологиялық ережелердің сақталуына мемлекеттік қадағалауды, сондай-ақ сертификаттау жөніндегі органдар мен сынақ зертханаларының (орталықтарының) қызметіне мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады;

24) көптеп шығарылатын немесе Қазақстан Республикасының аумағына топтап әкелінетін өлшем құралдарының үлгілерін бекітеді;

25) азаматтық және қызметтік қару мен олардың патрондарының мемлекеттік кадастрын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуді, сондай-ақ оны шығаруды және жүргізуді ұйымдастырады;

26) мемлекеттік стандарттау, сертификаттау және өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйелерінің тізілімдерін жүргізеді;

27) Қазақстан Республикасының заңнамаларымен өзіне жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

11. Комитет негізгі міндеттерді іске асыру және өз құзыретінің шегінде өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлеуге қатысуға және әзірлеуге;

2) стандарттаудың, сертификаттаудың және өлшем бірлігінің халықаралық, мемлекетаралық және мемлекеттік жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін орталық, жергілікті атқарушы органдарға және басқа да ұйымдарға ұйымдастыру-әдістемелік басшылықты және олардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыруға қатысуға;

3) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі халықаралық және аймақтық ұйымдарда Қазақстан Республикасын білдіруге;

4) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық кесімдерді шығаруға;

5) өнім сапасына, өлшем құралдарының жай-күйі мен қолданылуына мемлекеттік қадағалауды, сондай-ақ сертификаттау жөніндегі органдардың және сынақ зертханаларының (орталықтарының) қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде меншік нысандарына қарамастан ұйымдарда болуға және кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шаруашылық жүргізуші субъектілерді тексеруді жүзеге асыруға;

6) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі нормативтік құжаттар талаптарының бұзылу фактілері анықталған кезде заңды және жеке тұлғаларға ықпал етудің заңнамалық кесімдерде айқындалған шаралар қолдану жөніндегі шешімдер қабылдауға;

7) өнімдер мен тауарлар сатуға және пайдалануға жарамсыз деп танылған жағдайларда, оларды жою жөніндегі комиссияның жұмысына Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен қатысуға;

8) басқа мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың мамандарын, сондай-ақ стандарттау, метрология, сертификаттау саласындағы бірлескен жұмыстар үшін шетелдік және жергілікті сарапшылар мен мамандарды тартуға;

9) өлшем құралдарының үлгілерін бекіту сертификаттарын, тауардың шығу сертификаттарын беруге;

10) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сертификаттау жүйесіндегі сынақ орталықтарын, салыстырып тексеру зертханаларын және сертификаттау жөніндегі органдарын тіркеуді жүргізуге, шетел сертификаттарын тану шарттарын әзірлеуге;

11) стандарттау жөніндегі жеке және заңды тұлғалармен, техникалық комитеттермен өзара әрекет етуге;

12) Үкіметтің шешімі бойынша республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың мемлекеттік басқару органы болуға және Комитет құзыретінің аясында қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың акциялардың мемлекеттік пакеттерін иеленуге және пайдалануды жүзеге асыруға;

13) заңнамада көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Комитеттің мүлкі

12. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі бар.

Комитеттің мүлкі оған мемлекет берген мүлік есебінен, сондай-ақ құны Комитеттің теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүліктен қалыптастырылады.

13. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

14. Комитеттің, егер заңнамалық кесіммен өзгеше белгіленбесе, өзіне бекітілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып

алынған мүлікті өз бетінше оқшаулауға немесе өзге де тәсілмен билік етуге ҚҰҚЫҒЫ ЖОҚ.

4. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

15. Комитетті Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын төраға басқарады.

16. Төрағаның заңнамада белгіленген тәртіппен қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын екі орынбасары болады.

17. Төраға лауазымы бойынша, стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын қадағалау жөніндегі Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік инспекторы болып табылады.

Төрағаның орынбасарлары лауазымдары бойынша, стандарттау және өлшем құралдары жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын қадағалау жөнінде Бас мемлекеттік инспекторының орынбасарлары б о л ы п т а б ы л а д ы .

Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің басшылары тиісті облыстардың, Астана және Алматы қалаларының стандарттау және өлшем құралдары бойынша нормативтік құжаттардың міндетті талаптарын сақталуын қадағалау жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторлары болып табылады. <*>

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.09.18. N 951 қаулысымен .

18. Төраға Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауапкершілікте болады.

19. Төраға осы мақсатта:

1) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының және орынбасарларының функционалдық міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) заңнамаға сәйкес Комитеттің қызметкерлерін, аумақтық бөлімшелердің және ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады; <*>

3) заңнамада белгіленген тәртіппен Комитеттің қызметкерлерін, аумақтық бөлімшелердің және ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларын көтермелейді, сондай-ақ оларға тәртіптік жаза қолданады;<*>

4) бұйрықтарға қол қояды;

5) Комитеттің құрылымдық және аумақтық бөлімшелері туралы ережелерін
б е к і т е д і ; < * >

б) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Комитетті білдіреді;

7) құрылымдық және аумақтық бөлімшелердің және ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметін үйлестіреді және бақылайды; <*>

істері жөніндегі комитетінің облыстық, Астана және Алматы қалаларының
аумақтық бөлімшелері < * >

*Ескерту. Құрылымға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.09.18. N 951
қаулысымен , 2003.12.23. N 1302 қаулысымен .*

**Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда
министрлігі Қорғаныс өнеркәсібі комитетінің құрылымы**

Б а с ш ы л ы қ ;

Қорғаныс өнеркәсібін дамыту басқармасы;

Ұйымдастыру-талдау жұмысы басқармасы.

**Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі
Стандарттау, метрология және сертификаттау комитетінің
құрылымы**

Б а с ш ы л ы қ

Ұйымдастыру-құқықтық жұмыстар және мемлекеттік қадағалау басқармасы
Стандарттау, метрология, сертификаттау және техникалық саясат басқармасы

< * >

*Ескерту. Құрылымға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.09.18. N 951
қаулысымен .*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 1 8 қ а р а ш а д а ғ ы

N 1 2 2 0 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
мемлекеттік мекемелері - аумақтық органдарының
тізбесі**

1. Ақмола облысы бойынша Индустрия, сауда Көкшетау қ.
және шағын бизнесті қолдау департаменті
2. Ақтөбе облысы бойынша Индустрия, сауда Ақтөбе қ.
және шағын бизнесті қолдау департаменті
3. Алматы облысы бойынша Индустрия, сауда Талдықорған қ.
және шағын бизнесті қолдау департаменті
4. Атырау облысы бойынша Индустрия, сауда Атырау қ.
және шағын бизнесті қолдау департаменті
5. Шығыс Қазақстан облысы бойынша Индустрия, Өскемен қ.
сауда және шағын бизнесті қолдау
департаменті

6. Жамбыл облысы бойынша Индустрия, сауда Тараз қ. және шағын бизнесті қолдау департаменті
7. Батыс Қазақстан облысы бойынша Индустрия, Орал қ. сауда және шағын бизнесті қолдау департаменті
8. Қарағанды облысы бойынша Индустрия, сауда Қарағанды қ. және шағын бизнесті қолдау департаменті
9. Қызылорда облысы бойынша Индустрия, сауда Қызылорда қ. және шағын бизнесті қолдау департаменті
10. Қостанай облысы бойынша Индустрия, сауда Қостанай қ. және шағын бизнесті қолдау департаменті
11. Маңғыстау облысы бойынша Индустрия, сауда Ақтау қ. және шағын бизнесті қолдау департаменті
12. Павлодар облысы бойынша Индустрия, сауда Павлодар қ. және шағын бизнесті қолдау департаменті
13. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Петропавл қ. Индустрия, сауда және шағын бизнесті қолдау департаменті
14. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Шымкент қ. Индустрия, сауда және шағын бизнесті қолдау департаменті
15. Астана қаласы бойынша Индустрия, сауда Астана қ. және шағын бизнесті қолдау департаменті
16. Алматы қаласы бойынша Индустрия, сауда Алматы қ. және шағын бизнесті қолдау департаменті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 1 8 қ а р а ш а д а ғ ы

N 1 2 2 0 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі
Құрылыс істері жөніндегі комитетінің қарауындағы ұйымдардың
тізбесі**

*Ескерту. Тізбе толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.07.28. N 752
қаулысымен.*

Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар

1. Жобалардың мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамасы (Мемсараптама)
республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында)
Астана қаласы.

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі
комитетінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі
Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар**

1. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің "
Республикалық стандарттау және сертификаттау институты (ҚазСтИн)"
республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында)
Астана қаласы.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің "Қазақстан
метрология институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық
жүргізу құқығында), Астана қаласы.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 1 8 қ а р а ш а д а ғ ы

№ 1 2 2 0 қ а у л ы с ы н а

қосымша

	Қазақстан	Республикасы	Үкіметінің
күші	жойылған	кейбір	шешімдерінің
тізбесі			

1. "Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Қорғаныс
өнеркәсібі жөніндегі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1999 жылғы 10 қыркүйектегі N 1363 қаулысы (Қазақстан
Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 46, 422-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің
Антидемпингтік бақылау жөніндегі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан
Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 14 қыркүйектегі N 1388 қаулысы (
Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 46, 427-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгеріс мен
толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы
28 қарашадағы N 1775 қаулысы .

4. "Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің мәселелері"
туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 шілдедегі N 904
қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 26, 312-құжат).

5. "Қазақстан Республикасында өнеркәсіптік мақсаттағы жарылғыш
материалдардың өндірісін және оның айналымын мемлекеттік бақылауды

күшейту жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 қыркүйектегі N 1264 қаулысының 4-тармағы.

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қазандағы N 1384 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 36-37, 487-құжат).

7. "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 126 қаулысының 1 және 3-тармақтары (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 5, 33-құжат).